ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК
ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК

РГКП «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ
МУЗЕЙ-ЗАПОВЕДНИК «ЕСІК»
КОМИТЕТА КУЛЬТУРЫ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И
ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

16.10.2026 № 01-04/27
(күні, айы,)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлғаны айқындау және ішкі ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен жаңа редакцияда жазылған Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес, кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын, штат санын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға айқындалсын.
2. Кәсіпорынның заңгері Сейтқали Сейтжапарұлы Мұздыбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға болып айқындалсын (бұдан әрі – Жауапты тұлға).
3. Қоса беріліп отырған Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын жауапты тұлға туралы ішкі ереже бекітілсін.
4. Жауапты тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Үлгілік ережеге және осы бұйрықпен бекітілген ішкі ережеге сәйкес жүзеге асырсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директор **А.С. Койлыбаев**

Бұйрықпен таныстым: _____